



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӘСІБИ ДАМУЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚОЛДАНУ ТҮРЛЕРІ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Нурпеисова Самал Амангелдіқызы,
педагогикалық ғылымның магистрі
қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы
«Сарыкөл агробизнес және құқық колледжі» КҚМК
Сарыкөл кенті, Сарыкөл ауданы,
Қостанай облысы, Қазақстан

Аннотация

Өзектігі және мақсаты: Күні бүгінгі дейін білім беру ұйымының алдына қойған ең басты мақсат, өсіп келе жатқан ұрпақты саналы, білімді, жан – жақты дамыған тұлға ретінде оқытып, тәрбиелеу ғана емес, өзгелермен тілдесе алатын, ізгілікпен ұлтжанды қасиеттер бойына сіңірген, бәсекелестікке дайын азамат етіп тәрбиелеу - заман талабы деп білемін. Және де білім ошақтарында осы күнге дейін пайдаланып келген оқыту әдіс – тәсілдеріне жаңартулар мен өзгерістерді еңгізіліп, сапасына қарай жұмыс жасаса деймін. Сапаға жұмыс жасау демекші, мұғалім әуелі заманнауи әдіс – тәсілдерді меңгеруі керек. Ең негізгісі білім сапасын арттыру мақсатында оқыту процессін оңтайландырудың қажет екендігін уақыт көрсетіп тұр. Сол себепті, педагогтың кәсіби дамуындағы инновациялық технологияларды дайындап, жүйесін қалпына келтіру, педагогтың кәсіби шеберлігін артырары сөзсіз. Сол себепті, оқытудың озық әдіс - тәсілдерді білім ошақтарына еңгізу мен қатар жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алудың бірден - бір шарты болып табылады. Мақалада педагогикалық кәсіби дамуындағы инновациялық технологиялардың қолдану түрлері мен маңыздылығын өзімнің тәжірибемде қарастырылған.

Түйінді сөздер: Оқу, білім, инновация, даму, әдіс – тәсілдер.

Аннотация

Актуальность и цель: Считаю, что главная цель, которую ставит перед собой организация образования, – это не только обучение и воспитание подрастающего поколения как сознательной, образованной, всесторонне развитой личности, но и воспитание гражданина, способного общаться с другими людьми, обладающего гуманными национальными качествами, готового к конкуренции. И хотелось бы, чтобы в учебных заведениях проводились обновления и изменения в методах и методах обучения, которые они использовали до сих пор. Учитель должен сначала освоить современные методы и приемы. Самое главное, что время показывает необходимость оптимизации процесса обучения с целью повышения качества образования. Поэтому разработка и восстановление системы инновационных технологий в профессиональном развитии педагога, повышение профессионального мастерства педагога. Поэтому внедрение передовых методов обучения в очаги образования и получение сознательного и качественного образования подрастающим поколением

Ключевые слова: Обучение, образование, инновации, развитие, методы и приемы.

Abstract

Relevance: I believe that the main goal set by the organization of education is not only the education and upbringing of the younger generation as a conscious, educated, comprehensively developed personality, but also the upbringing of a citizen who is able to communicate with other people, has humane national qualities, and is ready to compete. And I would like educational institutions to carry out updates and changes in the methods and methods of teaching that they have used so far. The teacher must first master modern methods and techniques. The most important thing is that time shows the need to optimize the learning process in order to improve the quality of education. Therefore, the development and restoration of a system of innovative technologies in the professional development of a teacher, improving the professional skills of a teacher. Therefore, the introduction of advanced teaching methods in the centers of education and the receipt of conscious and high-quality education by the younger generation.

Keywords: Training, education, innovation, development, methods and techniques.

Қазіргі болып жатқан біздің заманымыздағы білім беру ұйымдарындағы өзгерістер мен түбегейлі модернизациялаудың жаңалықтары білім мен ғылымға тиіп жатқан әсері мен пайдасын болашақта өз жемісін беріп, дәмін тататын деген ойдамын. Әрбір істеген істің нәтижесі болашақта сезетін болатын болады. Әрине, білім беру ұйымдарыныңдағы әр істің жауапкершілігі мен жазасы бар

екендігін және, өсіп келе жатқан ұрпақтың тағдыры мен өмірі жайлы естен шығармаған жөн. Осы жағдайда, білімге қойылатын жаңа талаптар мен сұраныстар туындалып, адамгершілігі мол, жауапты, шығармашыл, батыл, бастамашыл, құзыретті азамат етіп тәрбиелеу ғана емес, оның қалыптасуымен дамуына үлес қосатын, әлеуметтік – педагогикалық қолдау көрсетуді талап етеді. Әрине, оқу-тәрбие процесіндегі тиімді ақпараттық-білім беру жүйесін дұрыс таңдаған жөн. Өйткені, білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайында көптеген ақпараттық-білім беру ресурстары мен құралдар жүйесі соншалықты, қолданған кезде тигізер пайдасы мен сапасын білген жөн. Қазіргі көп ұстаздардың қателігі мен қатар сол қателіктерге мән бермеуіміздің салдарынан сауатсыз оқушылардың саны әлде қайда қарқынмен өсіп келеді. Бұл тек ұстаздар қауымын аландатып қана қойған емес, бұл мәселеге көп назар аудартатын және жауапкершілікті талап ететін балалардың ең жақын адамы – ата-анасы. Өйткені, әрбір ата- ана үшін балаларының жақсы оқығанын қалайды. Қатарынан қалмай, жақсы оқыса екен деп, қаншама ана шырылдап жүргені рас. Жерде қалмай, өзіне нан таба білетін адам қатарында болуы, әр ата – ананың арманы. Осы айтылған тілектер мені де толғандырады. Ал, қазіргі болашақ білімді, сауатты ұрпақтың қолында болуы - ұлағатты ұстаздарға байланысты ғана. Сол себепті, ұстаздар қауымы жарық, болашақтың шамын жағушы тұлғалар емеспе? Білімді, сауатты ұрпақты тәрбиесі мен біліміне көп септігін тигізуге атсалысатын ұстаздар қауымы екенін естен шығармағаны жөн. Бірақ, қанша ұлағатты ұстаздар өз сабағына жаңашырлық көз- қарасымен қараса да, қазіргі білім ордаларында сауатсыз ұрпақтың саны көбеюде. Неге? Неліктен солай болады екен? Қазіргі білім ордаларында мына жайттарды байқауға болады. «Неліктен бала сабаққа кіргісі келмейді?», «Неге бала сабақты сүйіп оқымайды?» деген сұрақтар көпшілікті аландататып қана қоймай, сол сұраққа жауап іздеудемін. Бұл жерде ұстаздарды кемсітіп, жаман жақтарын көрсетейін деп, айтып жатқан жоқпын. Керісінше, кәсіби мамандығының арқасында, оқушының түсінбей қалған желерін түсіндіріп, не болмаса, қолданып жүрген әдіс – тәсілдерді қарастырып шығу керек екенін айтқым келеді. Менің ойымша, көбісі менімен келісетін шығар, балаларға мұғалімнің әдістемесі ұнамайтын болғандықтан, не болмаса, балаларға түсіндіру кезінде әдіс - тәсілдемесі дұрыс қолданыла алмайтының салдарынан сабақ түсініксіз болып өтіп кететіні, оны қайта – қайта еске салмай, басқа тақырыпқа назар аударып, алған білімін тұрақты етпей, басқа жаңа тақырыпты бастап кетуі, болашақта еш нәтиже бермейді. Өйткені, бала үйге келген кезде, ата- анасы балаларынан бүгін не өттіңдер, сабақ қалай өтті, қандай баға алды деп, ата – анасы баласынан тергеу жұмыстары жүргізіп жүретіні де бар. Және, бала үйге келген кезде, үй жұмысын жасаған жағдайда, мұғалім не айтты, қалай қолдану керектігін білмей жатқанынан, бала қиналып, бағалары төмендеп кетуінің салдарынан сабаққа деген ынта-жүгері болмайды. Сондықтан, бұрынғы әдіс тәсілдемеден қалып қоюға болмайды, тақтада жазып, соны алға қойып, балаларға түсіндіріп, айтып беруі, бұл заманның оқушыларына жаңалық емес, және оқушылардың ойлау, сезу тисігіне жетпегеннен оқушы мазасызданып, сабаққа деген назарын жоғалтып жататыны да бар. Сол шындық, қалыптасып қалған тақта - бор, бор - тақта болса, онда сабағыңыздың мақсатына өзіңіз ғана жетуіңіз мүмкін. Қалғаны қалып қойған пойыздың вагондары секілді, арта қалады. Сол себепті, оқушыларға не ғұрлым қызықты болып өткізетін болса, әр оқушының сабаққа деген қызығушылығы артады. Қазіргі заманның педагогикалық технологияларды қолдануда «Мұғалім нені білу қажет?» Ең алдымен қандай мәселені шешу керектігін анықтай білуі, кәсібіне байланысты теория мен қоса практика жүзінде дұрыс қолдана алатыны, оқыту әдістемесі жеңіл, түсінікті, қарапайым, яғни әдіс – тәсілдемесі нәтиже бағытталуы болуы тиіс. Технологияларды жүзеге асыруда қалай қолдану керектігін білуі қажет. Сонымен бірге әдіс – тәсілдерді өзі меңгеріп, сол әдістерді қолдануға оқушыларды үйретіп шығаруды басты назарға алу керектігін білу. «Мұғалім ені істей алуы керек?» қандай да бір оқу бағдарламасы үшін түрлендірілген нұсқаларды құрастыруды білуі қажет, күнтізбелік тақырыптық жоспарлауды, әр сабаққа сауатты жоспарлауды және, оқу моделін құрастыруды білуі керек, оқушылардың өздік жұмыстары үшін таратпалы материалдарды тақырыпқа сай құрастыруды, оқушыларға арналған өздік тапсырмаларды, оқушылар үшін деңгейлік тапсырмаларды жасап қана қоймай, оны әр оқушы қолдана алатына көз жеткізу, тестік бақылау тапсырмаларын дайындау мен қатар компьютерлік бақылау тапсырмаларын дайындаған жөн. «Мұғалім нені дұрыс ұйымдастыру қажет?»: әдіс – тәсілдерді дұрыс қолдануды, түрлі типтегі сабақтарды өткізуін, өйткені бір келкі сабақтарды құрастыру да сабағындағы оқушыларды жалығып кетуі әбден мүмкін. Өткізілген сабақтарға талдау жасау, бұл да маңызды іс – әрекет. Өйткені, талдаудың нәтижесінде біз, өзіміздің жетістіктерімізді анықтай алумен қатар кемшіліктердің болдырмаудың жолдарын да іздейтін боламыз. Жаңа әдістерді үйрету және педагогикалық технологияны пайдалану тиімділігіне баға беріп бағалауымыз қажет.

Сәбиден бастап үлкен жастағы адам ақпаратты дыбыс, көру, есту, сезу арқылы қабылдайды. Адам өзінің түйсігі арқылы өміріндегі болып жатқан өзгерістерді сезе алады. Өзім болсам, балабақшадан бастап, мектеп мұғалімі, содан кейін колледж оқытушы ретінде мемлекеттік тілді үйретуге көп көңіл бөліп жүрген жайым бар. Тіл мұғалімі ретінде коммуникативтік құзыреттілікті алға қойып, сөйлеу әрекетін, дыбыстық жүйеге назар аударамын. Сәби болсын, әлде студентпе, олардың сөйлеу әрекетіндегі сөйлеген сөздің дұрыс шығуы мен айтылуы, оның жасалу жолы мен мағынасына көп назар аудартамын. Сөйлеу деңгейі мен қоса, сөздің мағынасына назар аудару, яғни қандай мағына беріп тұрғанын көрсетемін. Айтқан сөздің мағынасын түсінуге, және не айтып жатқанына назар

аударамын. Сөйлеу мен қатар түсіну, оқу, тыңдай білуге үйрету ең маңыздысы деп санаймын. Осы жерде шығармашылық қызмет көрсетудің ең маңызды механизмі іске қосылады. Бір жағынан мұғалімнің іс тәжірибесі алға қарай жылжи бастайды. Ал екінші жақта, студенттің қызуғышылығы арта бастайды. Бұл процесте мұғалім мен студенттің қарым – қатынасы арқылы бір жақсы жеміс беретіні анық.

Қай жерде жұмыс жасасан да жаңа озық технологиялар арқылы алға қарай дамып келе келетіне де, бөріне де мәлім. Қазіргі білім ошақтарында интербелсенді тақталарсыз, қазіргі кезде елестету мүмкін емес. Заманымыз бір орында тұрған емес, керісінше, алға қарай жылжуда. Уақыт заманына қарай мұғалім де оқушылар мен студенттер де қашықтық технологияларға да назар аударуда. Көбінесе өз сабағымда мына технологияларды қолданамын. Соның бірі: жобалау қызметі, тұлғалық-бағдарлық технология, ойын технологиясы, денсаулықты сақтау технологиясы, ақпараттық-коммуникация технологиясы т.б. Студенттердің назарын сабаққа аудару үшін көбінесе тұлғалық – бағдарлық технология, ойын технологиясы мен, денсаулықты сақтау технологияларын көбінесе сабағымда қолданамын. Өйткені, сабақтың ұзақтылығы 90 минутқа созылған болса, денсаулықты сақтау технологиясы тиімді болып келеді. Кез келген жаттығуларды жасауға болады, соңын бірі көзге деген гимнастика, саусақтарға арналған жаттығулар, бел мен мойынды нығайтуға арналған жаттығуларды сабақ үстінде 1-2 минут жасаса, жарап жатыр. Осы кезде, сабақтың ұзақтылығын студенттер сезбей қалады, онша шаршаңқы бола қоймайды.

Мұғалімнің біліктілігі мен шеберлігіне байланысты ақпараттық – коммуникация технологиялары арқылы Skype технологиялары, сөздікқор, Kahoot.koom, Til-qazyna, Til-qural, Emle т.б. бағдарламалар арқылы онлайн интернетке шығып, берілген тапсырмаларды орындаудың өзі оларды қызықтырады. Өйткені, студенттерге өте қызықты болып келеді, бұл платформада өзін ғана көрмей, қасындағы құрбыларын көріп, кім қалай жауап бергенің көре алады. Бұл тапсырмалар жылдам орындауға, яғни бәсекелестікті тудырады. Осындай технологиялардың негізгі міндеті - өсіп келе жатқан жеткіншектің белсенді, танымдық қабілетін ашып, сабақты тиімді қолдануға жағдай жасалуына инновациялық мүмкіндіктерін толық игеруге ат салысады, шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлкен маңызы бар. Аталған технологиялар коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың ең қол жетімді және тиімді нысандардың бірі, жеке тұлғаның әлеуметтендіру, оның дербестігін, креативтілігі мен белсенділігін дамыту үшін жағдай жасайды. Зияткерлік қабілетін дамытады.

Бүгінгі таңда бір немесе бірнеше тілдерді білу қазіргі білім берудің басымдықтарының бірі болып табылады. Тіл білу, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды меңгеру қоғамның зияткерлік, жоғары білімді мүшесі болуға айтарлықтай көмектеседі, сондықтан АКТ - ны білу және игеру жас ұрпақ пен мұғалім үшін міндетті болып табылады - тілдік мәдениетті игеруде, оқу процесін тиімді ұйымдас-тыру үшін де қолайлы. Сол себепті, интербелсенді тақталар мен планшеттердің тиімді рөлі өте көп. Бұл жерде бірнеше ақпараттық платформаларды білген дұрыс, мысалы, Kahoot.koom платформасы арқылы балалар өз білімдерің пайыз арқылы немесе диаграмма арқылы көре алады. Бұл платформаны қорытынды, нәтижелі сабақ түрлерінде қолдануға болады. Жылдам білім деңгейін планшет арқылы көре алатын бала, ертеңгі сабаққа дайындалып келуіне және қызығушылығы күннен-күнге арта бастайтыны да байқалады. Сол себепті бұл платформасымен де жұмыс жасаған дұрыс.

Өзіміздің елімізде тұрып ана тіліге, мемлекеттік тіл ретінде де солғартық қараймыз. Сөздердің жазылуына көп мән бере қоймаймыз. Сөздердің жазылу емлесіне де назар аударған жөн, сол себепті көптің көпшілігі студенттер болғандықтан, студенттерге сөздікқор, Til-qazyna, Til-qural, Emle деген платформалар жұмыс істеп тұрғаның айтып жүреміз. Платформалардың халыққа қызмет көрсетіп жүргені мені қуантады. Әр аймақта сөздің жазылуы әртүрлі болғандықтан, мән мағынасына жоғалып, дұрыс жазылуна нүкте қоятын платформалар бар болғаны қуанышты. Өзге ұлттың ұрпағы мемлекеттік тілге деген сыйластық сезімі арта берсе екен деймін.

Оқу процесінде Компьютер студенттердің коммуникативтік қабілеттерін дамытудың, тәрбиелеудің, қалыптастырудың таптырмас құралына айналады. Сол үшін көп отырмауға да кеңес беріп жүреміз. Студенттердің сабақта жасаған денсаулықты сақтау технологияларының бірнешеуін үйдің ішінде жасаудың айтып қана қоймай, істеп, көрсетіп жүргеніміз де бар.

Ересек, естияр жастағы балаларға тиімді технологияның бірі – рөлдік ойындар. Көбінесе бұл технологияны балабақша тәрбиешілері мен бастауыш мұғалімдері көбіне қолға алады. Бұл - рөлдік ойындар. Өзім болсам, студенттерге де қолдана беретін болдым. Студенттердің рөлге бөліп, тілге деген қызығушылығын арта түсетінін білген соң, рөлдік ойындарға студенттерді жие қатыстырамын. Сабағым қызықта, әрі тиімді болып өтеді.

Жоба технологиясы-бұл студенттердің мүдделерін ынталандыратын және әртүрлі жобаларды орындаумен байланысты, оқуға деген ынтаны дамытатын технология. Бұл технологияны қолдану топтағы жұмыстың барлық мүмкін түрлерін болжауға мүмкіндік береді: балалардың тәуелсіздігі мен шығармашылығын ынталандыратын жеке, топтық, ұжымдық жұмыс түрлерінде жұмыс жасай алуға көп септігін тигізеді. Жақын қарым – қатынаста бір – бірлерімен бола алады.

Жоба технологиясында тапсырмаларды орындау кезінде студенттерге тіл үйренудің практикалық пайдасын көруге мүмкіндік береді, нәтижесінде осы пәнді оқуға деген қызығушылық пен ынталандыруы артады. Сабақта және сабақтан тыс уақытта студенттердің белсенділігі едәуір артады. Тіпті

әлсіз студенттер шығармашылық тапсырмаларды орындау кезеңінде тілге қызығушылық танытады. Жобаның міндеттерін орындай отырып, студенттер тіл білімін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік алады. Өздері үшін оқулықтың материалын ғана емес, сонымен қатар басқа да ақпарат көздерін қолдана отырып, елтану, лексикалық, грамматикалық құнды материалдарды қамтитын қажетті ақпаратты таба алады. Жобалық технологияның тиімділігі осында. Қазіргі уақытта біздің студенттер бірнеше жылдан бері әртүрлі бағдарламаларды қолдана отырып, жобаларды компьютерде орындап келеді. Балалардың жобалары бұрын ақпарат пен суреттер немесе фотосуреттер бар слайдтар болғандықтан жақсарғанын атап өткім келеді, ал қазір бұл нағыз түрлі - түсті және қызықты фильмдер. Презентацияларда студенттер анимация эффектілерін, слайд-шоуларды, жеке бейнелерді, сілтемелерді, музыкалық сүйемелдеуді қолдануға ықпал жасайды. Осы процеске белсенді қатыса бастаған студенттердің ата-аналары да жобаларды құруға қызығушылық танытады. Компьютерді және басқа интернет-ресурстарды пайдалану кезінде, мұғалім ретінде студентке назар аударамын, оның танымдық, шығармашылық белсенділігін арттырамын, сөйлеу белсенділігін дамытамын, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырамын.

Бүгінгі таңдағы басты назар – оқушы, оның тұлғасы, ішкі әлемі. Сондықтан мұғалімнің негізгі мақсаты-оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістері мен формаларын дұрыс таңдап алу, мақсатқа жету үшін мұғалімнің жұмысы өнімді, нәтижелі болуы керек. Осы жоғарыда көрсетілген барлығы жеке тұлғаны дамытуға оңтайлы. Оқытудың инновациялық формалары оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға және жандандыруға ықпал етеді, оқытудың тиімділігін арттырады, қазақ тілі сабақтарында қолайлы микроклимат жасайды.

Заманның ағымына қарамастан ұстаздың болмысына сай, өзінің атқарып келе жатқан қызметін алға қойып, мақсаты мен жүктеген міндеттерін адал еңбегімен атқаратын, ең қиын, ең бағалы және ең ізгілікті мамандықтарының ішінен ең қажетті мамандықтардың бірі болып саналады. Сол себепті, мұғалімнің негізгі міндеті, жер бетіндегі жас ұрпаққа қызмет ету мен қатар, білімді етіп шығарудың басты назары осында. Ол үшін, мұғалімнің ішкі дүниесі рухани дүниесі бай, зиялы, шығармашыл тұлға болуы керек. Үнемі жаңалықтарды өз сабағына таба білетін ұстаз, кәсіби мамандығының шыңына шығып, шыңдалатын болады. Сабақтарында әдіс – тәсілдерді түрлендіріп, және дамытуға ерекше көңіл бөлу, бүгінгі күннің басты мәселесі. Мол тәжірибені жылдар бойы жинақтаудың да өзі – шығармашыл, шебер болуына көп ықпал тигізетіні де бар. Білім беру ұйымдарында болып жатқан жаңа ғылыми техниканың прогрестерінен қалыспай жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өндеп, нәтижелі пайдалана отыру, әр педагогтың негізі болып табылады. Ғылыми техниканың жедел дамыған ақпараттық - техникалық әдіс – тәсілдердің күшейген заманның ағымында өмір сүріп келе жатырмыз. Бұл заманда ақыл – ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту, білім беру мекемелеріндегі басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңестігідегі қажетті жаңару, қажымас іздемпаз шығармашылық жемісімен келмек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ел Басы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 17.01.14ж // <http://www.akorda.kz>
2. Бордевский Г.А., Извозчиков В.А. Новые технологии обучения: вопросы терминологии. – М.: Педагогика №5. 1993.с.12-17 https://infourok.ru/innovaciyalny_tehnologiya_malmn_ksbi_sheberlgn_damytydy_negz-311760.htm
3. Қазақстан Республикасының жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасы. Педагогика мәселелері.//Вопрос педагогики. №1-2. <https://topuch.ru/sj-pni-pedagogika-tairibiv2/index.html>

УДК 378.147:004.853

METHODS OF USING ELECTRONIC EDUCATIONAL RESOURCES IN TEACHING A FOREIGN LANGUAGE

Nurmaganbet Aruzhan Talgatkyzy,

1 year master's student

Pedagogical Faculty of Foreign Language

Astana International University

Nur – Sultan, Kazakhstan

Abstract

A necessary condition for high-quality modern education today is a harmonious combination of traditional education with the use of advanced technologies. The emergence of information technology allows you to individualize training according to the pace and depth of the program. Such a differentiated approach gives a